

Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі N 278 Заңы

Құжат мәтініндегі «рұқсат етілген» сөзі «ұсынылатын» сөзімен ауыстырылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңы бойынша (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Редакция 02.06.2016 жылы берілген өзгерістер мен толықтырулармен

Осы Заң асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында қызметті жүзеге асырудың құқықтық, ұйымдық және экономикалық негіздерін белгілейді, асыл тұқымды малдың тектік қорын сақтауға және көбейтуге, сондай-ақ оны өз төлінен өсіруге және өнімдік сапасын жақсартуға бағытталған, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласымен айналысатын мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін реттейді.

1 тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1-бап өзгертілді ҚР 14.12.2001 жылғы № 269-II Заңымен (09.07.1998 ж. редакцияны қараңыз)

1-бап өзгертілді ҚР 05.07.2008 жылғы № 62-IV Заңымен (31.01.2006 ж. редакцияны қараңыз)

1-бап өзгертілді ҚР 12.01.2012 жылғы № 540-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) асыл тұқымды аналық бал арасы – асыл тұқымды бал ара ұясын молайтуды қамтамасыз ететін асыл тұқымды ұрықтанған аналық бал ара;

2) асыл тұқымды бал ара ұясы – ұрпақ буынына өзінің тұқымдық белгілерін ұдайы беріп отыратын, таза тұқымды, жоғары сыныпты бал араларының жоғары өнімді бал ара ұясы;

2-тармақша өзгертілді ҚР 10.01.2006 жылғы № 116 Заңымен (20.12.2004 ж. редакцияны қараңыз)

3) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

3-тармақша өзгертілді ҚР 10.01.2006 жылғы № 116 Заңымен (20.12.2004 ж. редакцияны қараңыз)

3-тармақша алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

4) асыл тұқымдық куәлік – уәкілетті орган бекіткен тәртіппен республикалық палата беретін, асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) тұқым-тегін, өнімділігін және өзге де сапаларын растайтын құжат;

4-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

4-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

5) асыл тұқымдық кітап – белгілі бір тұқымдағы неғұрлым құнды асыл тұқымды малдың шығу тегі, өнімділігі және өзге де сапалары туралы деректер жиынтығы;

6) асыл тұқымдық құндылық – ұрпағының шаруашылыққа пайдалы белгілеріне әсер ететін асыл

тұқымды малдың тектік әлеуетінің деңгейі;

7) асыл тұқымды мал – республикалық палатада тіркелген, тұқымның өнімділік бағыты мен деңгейіне сай келетін таза тұқымды мал;

7-тармақша өзгертілді ҚР 10.01.2006 жылғы № 116 Заңымен (20.12.2004 ж. редакцияны қараңыз)

7-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

8) асыл тұқымды малдың жеке карточкасы – уәкілетті орган бекіткен тәртіппен ресімделетін, оның шығу тегі туралы, өнімділігі және өзге де сапалары жөніндегі деректерді қамтитын, шаруашылық ішіндегі бастапқы есепке алу нысаны;

8-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

8-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

9) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімі – асыл тұқымды малдың сандық, сапалық және тұқымдық құрамы туралы деректер жиынтығы;

10) асыл тұқымды малдың ұрығын өткізу жөніндегі дистрибьютерлік орталық (бұдан әрі – дистрибьютерлік орталық) – бағаланған асыл тұқымды тұқымдық малдың ұрығын сатып алу, сақтау және өткізу жөніндегі қызметті бастағаны туралы асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға хабарлама жасаған заңды тұлға;

11) асыл тұқымды мал шаруашылығы – тектік әлеуеті жоғары малды өз төлінен өсіруге, оларды сақтауға және өсіруге бағытталған асылдандыру жұмысының жүйесімен қамтылған мал шаруашылығы саласы;

11-1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің тізілімі – уәкілетті органның интернет-ресурсында қалыптастырылатын және орналастырылатын, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті бастағаны туралы асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке және заңды тұлғалардың тізбесі;

12) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында басшылықты және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

13) асыл тұқымдық орталық – асыл тұқымды тұқымдық малды күтіп-ұстау, олардың ұрығын, эмбриондарын алу, жинақтау, сақтау және өткізу жөніндегі қызметті бастағаны туралы асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға хабарлама жасаған заңды тұлға;

14) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

14-тармақша алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

15) асыл тұқымдық өнім (материал) – асыл тұқымды мал, сондай-ақ асыл тұқымды малдан алынған ұрық, эмбриондар, инкубациялық жұмыртқа, тәуліктік балапандар, уылдырық, құртшабақтар мен жас балықтар, асыл тұқымды аналық бал аралары, асыл тұқымды бал ара ұялары және бал ара пакеттері;

15-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

16) асыл тұқымды тұқымдық мал – асыл тұқымды малды өз төлінен өсіру үшін пайдаланылатын асыл тұқымды малдың дара аталығы;

17) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

17-тармақша өзгертілді ҚР 10.01.2006 жылғы № 116 Заңымен (20.12.2004 ж. редакцияны қараңыз)

17-тармақша алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

18) Тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

19) Тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

20) ауыл шаруашылығы малы (бұдан әрі – мал) – адам өсіретін, ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы бар малдардың, құстардың, балықтардың және бал араларының барлық түрі;

21) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

21-тармақша алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

22) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

22-тармақша алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

23) бал ара пакеті – құрамында асыл тұқымды ұрықтанған аналығы, тұқымдығы (кәрез пакетінде), тірі бал аралары және тасымалдау үшін қажетті бал араларының қорегі бар, асыл тұқымды бал ара ұясынан бөлінген қалемше;

23-1) бонитер (сыныптаушы) – бонитирлеу (бағалау) бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметтің басталғаны туралы уәкілетті органды хабардар еткен жеке тұлға;

1-бап 23-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

23-1-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

23-2) бонитирлеу (бағалау) – тиісті сынып немесе индекс бере отырып, шаруашылыққа пайдалы белгілер кешені (тұқымдылығы, өнімділік сапалары, сыртқы тұрпаттық-бітімдік ерекшеліктері) бойынша малдардың асыл тұқымдық құндылық деңгейін айқындау;

1-бап 23-2-тармақшамен толықтырылды ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

23-2-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

23-3) бірінші санаттағы асыл тұқымды ірі қара мал – тұқым стандартына сәйкес келетін, тегінің кемінде үш қатары бойынша ақпараты, әкесі бойынша шығу тегінің генетикалық сараптамасы бар және республикалық палатада тіркелген таза тұқымды ірі қара мал;

1-бап 23-3-тармақшамен толықтырылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

23-4) екінші санаттағы асыл тұқымды ірі қара мал – тұқым стандартына сәйкес келетін, әкесі бойынша тегінің кемінде үш қатары бойынша ақпараты бар және республикалық палатада тіркелген таза тұқымды ірі қара мал;

1-бап 23-4-тармақшамен толықтырылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

24) ен салу (таңбалау) – тиісті малды дәл бірдейлендіруге мүмкіндік беретін нөмір салу (татуировка жасау, таңба басу, сырға салу және чип салу) арқылы асыл тұқымды малды белгілеу;

25) желі – асыл тұқымдық және өнімділік сапалары тиісті таңдау және іріктеу жүйесімен ұсталынатын және жетілдірілетін, үздік тұқымдық тектерден тарайтын тұқымдағы асыл тұқымды мал тобы;

26) зауыттық тип – тұқымның бір бөлігі болып табылатын, сол тұқымға ортақ қасиеттерден басқа, өнімділігі, дене тұрқы мен бітімінің сипаты жағынан өзінің кейбір айрықша ерекшеліктері бар, өсірілетін аймақтың жағдайына жақсы бейімделген, ауруға төзімді мал тобы;

26-1) зауытшы – мал туылған кездегі оның енесінің иесі;

1-бап 26-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

27) индекстік бағалау – уәкілетті орган бекіткен тәртіппен анықталған аса маңызды селекциялық белгілердің кешені бойынша малдың асыл тұқымдық құндылығының салыстырмалы көрсеткіштерін анықтау әдісі;

28) кросс – малдың бір желісін басқа бір желісімен будандастырудан тарайтын мал тобы;

29) қолдан ұрықтандыру – жеке-жеке іріктеліп алынған малды маманның бақылауымен шағылыстыру;

29-тармақша өзгертілді ҚР 10.01.2006 жылғы № 116 Заңымен (20.12.2004 ж. редакцияны қараңыз)

30) құстардың тұқымдары мен кросстарының арғы ата-енелік тобы – құстардың тұқымдары мен кросстарының ата-енелік тобын молайту үшін пайдаланылатын еркек және ұрғашы құстар;

30-тармақша өзгертілді ҚР 10.01.2006 жылғы № 116 Заңымен (20.12.2004 ж. редакцияны қараңыз)

31) құстардың тұқымдары мен кросстарының ата-енелік тобы – будандастырылған ұрпақ буыны инкубациялық жұмыртқа немесе ет өндірісі үшін пайдаланылатын еркек және ұрғашы құстар;

32) жануардың тұқым-тегі – асыл тұқымды жануардың шығу тегі туралы мәліметтер;

32-тармақша өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

33) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс – малды өсіру кезінде өнімділік бойынша ең жоғары нәтижелерге қол жеткізуге арналған дәйекті іс-қимылдардың жиынтығы;

34) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпарат қоры – уәкілетті орган айқындаған оператор жүргізетін, малдың табындарын жетілдіру және генетикалық әлеуетін арттыру үшін пайдаланылатын, асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілеріндегі асыл тұқымды мал туралы және селекциялық процеске тартылған мал туралы деректерді жинаудың, жинақтаудың және өңдеудің автоматтандырылған жүйесі;

35) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

35-тармақша өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны

қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

35-тармақша алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

36) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

36-тармақша өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

36-тармақша алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

36-1) таза тұқымды мал – бір тұқым бойынша кемінде он алтыдан он бес қан үлесі бар мал; 1-бап 36-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

37) таза тұқымды өсіру – селекциялық және асыл тұқымдық жұмыста тектес тұқымдағы малдарды пайдалана отырып, осы тұқымға тән белгілерді топтастыру және түрге бөлу мақсатында бір тұқымдағы асыл тұқымды малды өсіру;

38) тектік қоры шектеулі тұқым – селекциялық мақсаттарда пайдалану үшін қажет және құрып кету қаупі төнген отандық тұқымның сирек кездесетін және дүние жүзінде өзіне теңдесі жоқ мал тобы;

39) техник-ұрықтандырушы – ауыл шаруашылығы жануарын қолдан ұрықтандыру бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметті бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға;

39-тармақша өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

40) тұқым – адамның шығармашылық қызметінің ықпалымен белгілі бір шаруашылық және табиғи жағдайда қалыптасқан, «өз ішінде» өсіру үшін саны жеткілікті және іріктеліп, таңдалып, тектік типіне сәйкес келетін технологиялық жағдай жасалып, қолдау көрсетілетін шаруашылық және асыл тұқымдық құндылығы, сондай-ақ оны бір түрге жататын басқа тұқымдардан ерекшелендіретін морфологиялық, физиологиялық және шаруашылыққа пайдалы қасиеттерінің белгілі бір өзгешелігі бар, шығу тегі ортақ бір түрге жататын малдың тобы;

41) тұқым стандарты – республикалық палаталар бекітетін, фенотиптік және өнімділік көрсеткіштері бойынша тиісті тұқымдағы асыл тұқымды малдар үшін қойылатын ең төменгі талаптар;

41-тармақша өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

41-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

42) эмбрион – ұрықтанған жұмыртқа жасушадан дамитын ұрық;

43) эмбриондарды телу (ауыстырып салу) – асыл тұқымды малдардан төл басын көбірек

алудың биотехнологиялық әдісі;

44) эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі маман – жоғары өнімді асыл тұқымды малдың эмбриондарын алу, криоконсервациялау және ауыстырып салу жөніндегі қызметті бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға.

2-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті ұйымдастырудың негізгі принциптері

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызмет: тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

тұқымның сақталуын қамтамасыз ету;

асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы деректердің тиісінше есепке алынуын қамтамасыз ету;

2-баптың 5-бөлігі өзгертілді ҚР 12.01.2012 жылғы № 540-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы ақпараттық жедел өңдеу және оны асыл тұқымды малды өсіруді, пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға беру принциптеріне негізделеді.

3-бап. Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңдары

Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Азаматтық құқық объектісі ретіндегі асыл тұқымды өнім (материал)

Асыл тұқымды өнім (материал) мүліктік және соған байланысты мүліктік емес жеке қатынастарда азаматтық құқық объектісі бола алады.

Асыл тұқымдық өнімге (материалға) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген мүлік туралы жалпы ережелер қолданылады.

4-баптың 2-бөлігі өзгертілді ҚР 12.01.2012 жылғы № 540-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

5-бап. Асыл тұқымды өнімге (материалға) меншік құқығы және оны пайдалану

Асыл тұқымды өнімді (материалды) жеке және заңды тұлғалардың меншіктену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

6-бап. Асыл тұқымды өнімнің (материалдың) айналымда болуы

6-баптың 2-бөлігі өзгертілді ҚР 14.12.2001 жылғы № 269-II Заңымен (09.07.1998 ж. редакцияны қараңыз)

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалар асыл тұқымдық өнімді (материалды) өткізуді жүзеге асырады.

Асыл тұқымды өнімге (материалға) меншік құқығынан айыруға немесе оның ауысуына осы Заңның ережелеріне сәйкес берілетін асыл тұқымдық куәлік болған жағдайда рұқсат етіледі.

7-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің экономикалық қызметінің ерекшеліктері

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен құрылып, жұмыс істейді.

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің қызметін қайта бейімдеуге Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жол беріледі.

8-бап. Жерді және су объектілерін асыл тұқымды мал шаруашылығының мұқтаждары үшін пайдалану

Жер учаскелері мен су тоғандары ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден асыл тұқымды мал өсіру үшін жеке және заңды тұлғаларға беріледі.

Жер учаскелері мен су тоғандарын беру тәртібі және пайдалану режимі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

9-бап. Асыл тұқымдық өнім (материал) экспорты мен импорты

9-бап өзгертілді ҚР 14.12.2001 жылғы № 269-II Заңымен (09.07.1998 ж. редакцияны қараңыз)

9-бап өзгертілді ҚР 12.01.2012 жылғы № 540-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

9-бап өзгертілді ҚР 05.07.2008 жылғы № 62-IV Заңымен (31.01.2006 ж. редакцияны қараңыз)

9-бап өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Асыл тұқымдық өнім (материал) экспорты мен импорты Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы және ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Асыл тұқымдық өнім (материал) экспорты уәкілетті орган берген ветеринариялық сертификат және асыл тұқымдық куәлік болған кезде жүзеге асырылады.

Асыл тұқымдық өнім (материал) импорты ветеринариялық сертификат және белгіленген тәртіппен танылған, экспорттаушы елдің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәлік немесе оған балама құжат болған кезде жүзеге асырылады.

Ұрықтың импортын одан әрі өткізу мақсатында асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтар жүзеге асырады.

2-тарау. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеу

10-бап. Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы жүйесі

Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы жүйесіне:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2) уәкілетті орган;
- 3) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары;
- 4) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер кіреді.

4-тармақша өзгертілді ҚР 19.03.2010 жылғы № 258-IV Заңымен (17.07.2009 ж. редакцияны қараңыз)

11-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

11-бап өзгертілді ҚР 14.12.2001 жылғы № 269-II Заңымен (09.07.1998 ж. редакцияны қараңыз)

11-бап өзгертілді ҚР 31.01.2006 жылғы № 125 Заңымен (10.01.2006 ж. редакцияны қараңыз)

11-бап өзгертілді ҚР 17.07.2009 жылғы № 188-IV Заңымен (05.07.2008 ж. редакцияны қараңыз)

11-бап өзгертілді ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

11-бап өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы халықаралық қатынастарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету;

2) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.

12-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару органдары

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару органдарына асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшелері бар ведомствосын қоса алғанда, уәкілетті орган жатады.

2. Уәкілетті органның басшысы ведомство басшысына «Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы» арнайы атауын беруге құқылы.

Ведомство басшысы «Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторының орынбасары» арнайы атауын, ал ведомствоның аумақтық бөлімшелерінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің тиісті лауазымдарына – «асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі Бас мемлекеттік инспектор» және «асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі Бас мемлекеттік инспектордың орынбасары» арнайы атауларын беруге құқылы.

Ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында тікелей мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын өзге де лауазымды адамдары асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлар болып табылады.

13-бап. Уәкілетті органның құзыреті

13-бап өзгертілді ҚР 14.12.2001 жылғы № 269-II Заңымен (09.07.1998 ж. редакцияны қараңыз)

Уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастырады және іске асырады;

1-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

2) Тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

2-тармақша алынып тасталды ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

3) Тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

3-тармақша алынып тасталды ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңымен (24.12.2012 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды.

3-1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

13-бап 3-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды.

4) малдардың асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;

4-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

5) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

5-тармақша алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

6) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

6-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

7) мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктерді сынақтардан және байқаулардан өткізу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

7-тармақша өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

7-1) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

13-бап 7-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

8) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

8-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

9) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

9-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

10) Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы және асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлар туралы ережені әзірлейді және бекітеді;

11) асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектор актілерінің нысандарын, оларды жасау және беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

12) асыл тұқымдық кітап жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

13) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімін жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

13-1) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардан асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламалар қабылдауды жүзеге асырады;

13-1-тармақша өзгертілді ҚР 16.05.2014 жылғы № 203-V Заңымен (17.01.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 20.05.2014 жылы № 97 (28321) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

13-2) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізеді және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

14) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты тану тәртібі туралы ережені әзірлейді және бекітеді ;

14-тармақша өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

14-1) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

13-бап 14-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

14-1-тармақша алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

15) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

15-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

16) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін асыл тұқымдық өнімге (материалға) қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында басым тәртіппен субсидиялауға жататын мал тұқымдарының тізбесін әзірлейді және бекітеді;

17) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

17-тармақша өзгертілді ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

17-тармақша алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

18) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен статистикалық әдіснамаға сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізеді және статистикалық ақпарат қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

19) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

19-тармақша алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен

Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

- 20) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімі деректерінің мониторингін жүргізеді және оның нәтижелері туралы мүдделі адамдарды хабардар етеді;
- 21) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізеді және басып шығарады;
- 22) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктерді сынақтан және байқаудан өткізеді;
22-тармақша өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды
- 23) өткізілетін асыл тұқымды өнімге (материалға) берілетін асыл тұқымдық куәліктер деректерінің дәйектілігіне бақылауды жүзеге асырады;
- 24) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)
24-тармақша өзгертілді ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды
24-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды
- 25) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпарат қорын жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- 25-1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында мемлекеттік қолдаудың бағыттарын айқындайды;
13-бап 25-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды
- 26) мыналарды:
26-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды
26-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды
- асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) әр түріне субсидиялар нормативтерін;
- асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау тәртібін;
- мал шаруашылығы салалары бойынша асыл тұқымдық өнімді (материалды) есепке алу нысандарын;
- асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) барлық түрлеріне асыл тұқымдық куәліктердің нысандарын және оларды беру (жою) тәртібін;
- асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін беру (тоқтата тұру, күшін жою) тәртібін;
- асыл тұқымды малдың жеке карточкасын толтыру нысаны мен тәртібін әзірлейді және

бекітеді;

27) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

27-тармақша өзгертілді ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

27-тармақша алынып тасталды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

28) Тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

29) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

29-тармақша алынып тасталды ҚР 29.12.2014 жылғы № 269-V Заңымен (29.09.2014 ж. редакцияны қараңыз) (өзгерту қолданысқа енгізіледі 01.01.2015 жылдан бастап)

30) Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

31) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы халықаралық қатынастарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді;

31-1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

13-бап 31-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

32) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

14-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) Тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

1-тармақша алынып тасталды ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1-1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

14-бап 1-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды.

2) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімін жүргізеді және басып шығарады;

3) республикалық палаталардың және мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын ескере отырып, көрсетілген мақсаттарға көзделген бюджет қаражаты шегінде асыл тұқымдық өнімге (материалға) арналған субсидияларды бөледі;

3-тармақша өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

3-тармақша өзгертілді ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

4) бекітілген нысандар бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы деректердің есебін жүргізеді;

5) Тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

5-тармақша алынып тасталды ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

6) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

6-тармақша алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

7) асыл тұқымды малдың, оның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды субсидиялауды жүзеге асырады;

8) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

15-бап. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

15-бап жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімін жүргізу үшін деректер жинауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде жүзеге асырады.

16-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау – уәкілетті органның лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған іс-қимылдарының жиынтығы.

16-баптың 1-бөлігі өзгертілді ҚР 14.12.2001 жылғы № 269-II Заңымен (09.07.1998 ж. редакцияны қараңыз)

1-тармақ өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

2. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2-тармақ өзгертілді ҚР 29.10.2015 жылғы № 376-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (өзгерту қолданысқа енгізіледі 01.01.2016 жылдан бастап)

Тексеру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлар:

3-тармақ өзгертілді ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

3-тармақ өзгертілді ҚР 16.05.2014 жылғы № 203-V Заңымен (17.01.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 20.05.2014 жылы № 97 (28321) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

3-тармақ өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

3-тармақ жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1) бюджеттік субсидиялар алған жеке және заңды тұлғалардағы селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың жай-күйін, оның есепке алынуы мен есептілігін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

2) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің, бюджеттік субсидиялар алған жеке және заңды тұлғалардың малды күтіп-ұстау, азықтандыру, сондай-ақ асыл тұқымды өнімді (материалды) сақтау жағдайларының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

3) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер малды бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі көрсететін қызметтердің сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

4) асыл тұқымдық куәліктерде көрсетілген деректердің анықтығын тексеруге;

5) барлық бақылау және қадағалау объектілеріне кедергісіз баруды, Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі орындау үшін міндетті нұсқамалар беруді қоса алғанда, жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға;

7) нұсқамалар беруге және олардың орындалуын бақылауға;

8) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардан асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаларды қабылдауға құқылы.

4. Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың өз құзыреті шегіндегі актілерін асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің, бюджеттік субсидиялар алған жеке және заңды тұлғалардың орындауы міндетті.

4-тармақ өзгертілді ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

5. Асыл тұқымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған органдарға және (немесе) сотқа шағым жасалуы мүмкін.

16-1-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеу

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеу:

- 1) Тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)
- 2) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында мемлекеттік бақылау жүргізу;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында іргелі және қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулер және малдың тектік қорын сақтау, дамыту және пайдалану бойынша селекция жүргізу;
- 4) асыл тұқымды, оның ішінде тектік қоры шектеулі малдың тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды субсидиялау;
- 5) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін асыл тұқымдық өнімге (материалға) қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды субсидиялау;
- 6) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шараларын субсидиялау;
- 7) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы жетістіктерді сынақтан және байқаудан өткізу;
- 8) асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркелімін жүргізу;
- 9) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.
9-тармақша өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

16-2-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама жасау

1. Жеке және заңды тұлғалар асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті бастағанға дейін бұл жөнінде уәкілетті органды «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен хабардар етуге міндетті.
1-тармақ өзгертілді ҚР 16.05.2014 жылғы № 203-V Заңымен (17.01.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 20.05.2014 жылы № 97 (28321) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
2. Тармақ алынып тасталды (ескертуді қараңыз)
2-тармақ алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
3. Тармақ алынып тасталды (ескертуді қараңыз)
3-тармақ өзгертілді ҚР 24.12.2012 жылғы № 60-V Заңымен (10.07.2012 ж. редакцияны қараңыз)
3-тармақ өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
3-тармақ алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

4. Асыл тұқымдық орталық ретінде қызметін бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған заңды тұлға:

1) меншік немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу немесе лизинг құқығында материалдық-техникалық базаға иелік етуі;

2) малға өз өнімділігі және ұрпағының сапасы бойынша бағалау жүргізуі;

3) асыл тұқымды малға бонитирлеу (бағалау) жүргізуі;

3-тармақша өзгертілді ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

4) штатында тиісті мамандықтар бойынша қызметкерлерінің болуы міндетті.

Хабарламаға мынадай құжаттар:

4-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1) заңды тұлғаны (заңды тұлға үшін) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

2) объектіге ветеринариялық-санитариялық қорытындының және есепке алу нөмірінің берілгені туралы растаудың көшірмелері;

3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің атқарушы органы бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері берген инфекциялық аурулар (туберкулез, бруцеллез, лейкоз, лептоспироз, кампилобактериоз, трихомоноз, қойдың эпидидимиті, хламидиоз, жылқының күйеңкі ауруы, эпизоотиялық лимфангит) бойынша, сондай-ақ Халықаралық эпизоотиялық бюро тізіміндегі аурулар бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық жағдай туралы ветеринариялық анықтаманың көшірмесі;

4) өнімділігі жоғары асыл тұқымды тұқымдық малдың болуын растайтын асыл тұқымдық куәліктердің көшірмелері;

5) меншік немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу шарты немесе лизинг шарты құқығында өндірістік үй-жайлар кешенінің (ауыл шаруашылығы малының тұқымдық малын күтіп-ұстауға арналған үй-жайдың, тұқымдық малдың ұрығын төменгі температурада мұздатуға және сақтауға арналған зертхананың, ветеринариялық-санитариялық тексеру өткізетін орынның, карантиндік үй-жайдың, изолятордың, зертханалық және криогендік жабдықтардың) болуын растайтын құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері;

6) сәйкестендіру жүргізілгенін растайтын ветеринариялық паспорттардың көшірмелері;

7) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстардың ақпараттық базасының болуын растайтын жергілікті атқарушы орган анықтамасының көшірмесі қоса беріледі.

5. Дистрибьютерлік орталық ретінде қызметін бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған заңды тұлға:

1) меншік немесе ұзақ мерзімді (бес жылдан кем емес) жалға алу немесе лизинг құқығында материалдық-техникалық базаға иелік етуі;

2) штатында тиісті мамандықтар бойынша қызметкерлерінің болуы міндетті.

Хабарламаға мынадай құжаттар:

5-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін

күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

- 1) заңды тұлғаны (заңды тұлға үшін) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;
 - 2) объектіге ветеринариялық-санитариялық қорытындының және есепке алу нөмірінің берілгені туралы растаудың көшірмелері;
 - 3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің атқарушы органы бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері берген инфекциялық аурулар (туберкулез, бруцеллез, лейкоз, лептоспироз, кампилобактериоз, трихомоноз, қойдың эпидидимиті, хламидиоз, жылқының күйеңкі ауруы, эпизоотиялық лимфангит) бойынша, сондай-ақ Халықаралық эпизоотиялық бюро тізіміндегі аурулар бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық жағдай туралы ветеринариялық анықтаманың көшірмесі;
 - 4) меншік немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу шарты немесе лизинг шарты құқығында, стационарлық биоқоймалары бар өндірістік үй-жайларды, зертханалық және криогендік жабдықтарды қоса алғанда, материалдық-техникалық базасының болуын растайтын құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.
6. Малдың белгілі бір түрі және өнімділігінің бағыты бойынша бағалаушы (сыныптаушы) ретінде қызметін бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға хабарламаға:

- 1) жеке куәлігінің;
- 2) «зоотехния» немесе «мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» не «биотехнология» тиісті мамандығы бойынша білімі туралы дипломның;
- 3) ауыл шаруашылығы малының тиісті түрі бойынша бонитерлер курсынан өткені туралы құжаттың көшірмелерін қоса береді.
3-тармақша өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
3-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

7. Техник-ұрықтандырушы ретінде қызметін бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға хабарламаға:

- 1) жеке куәлігінің;
- 2) «зоотехния» немесе «мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» не «биотехнология» немесе «ветеринария» тиісті мамандығы бойынша білімі туралы дипломның немесе осы бейін бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілін растайтын құжаттың;
- 3) ауыл шаруашылығы малын қолдан ұрықтандыру курстарынан өткені туралы құжаттың;
3-тармақша өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
3-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
- 4) меншік немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу шарты немесе лизинг шарты құқығында материалдық-техникалық базасының (зертханалық үй-жайдың, бақылау-өлшеу

аспаптарының, құрал-саймандардың, криогендік жабдықтардың) болуын растайтын құқық белгілеуші құжаттардың көшірмелерін қоса береді.

8. Эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі маман ретінде қызметін бастағаны туралы уәкілетті органға хабарлама жасаған жеке тұлға хабарламаға:

1) жеке куәлігінің;

2) «зоотехния» немесе «мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» не «биотехнология» немесе «ветеринария» тиісті мамандығы бойынша білімі туралы дипломның;

3) ауыл шаруашылығы малының эмбриондарын транспланттау (ауыстырып салу) курстарынан өткені туралы құжаттың;

3-тармақша өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

3-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

4) меншік немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу шарты немесе лизинг шарты құқығында материалдық-техникалық базасының (зертханалық үй-жайдың, бақылау-өлшеу аспаптарының, құрал-саймандардың, криогендік немесе технологиялық жабдықтардың) болуын растайтын құқық белгілеуші құжаттардың көшірмелерін қоса береді.

9. Республикалық палаталар асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметін уәкілетті органға хабарламай жүзеге асырады.

9-тармақ жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

10. Осы бапта көзделген құжаттарды ұсыну оларда қамтылған ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және (немесе) мәліметтер нысанынан алу мүмкін болған жағдайда, талап етілмейді.

Құжаттар «электрондық үкімет» веб-порталы немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы берілген кезде құжаттар электрондық нысанда ұсынылады.

10-тармақтың екінші бөлігі жаңа редакцияда жазылды ҚР 17.11.2015 жылғы № 408-V Заңына сәйкес (29.10.2015 ж. редакцияны қараңыз) (өзгерту қолданысқа енгізіледі 01.03.2016 жылдан бастап)

16-3-бап. Асыл тұқымдық өнімді (материалды) мемлекеттік есепке алу

16-3-бап өзгертілді ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

16-3-бап өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

16-3-бап жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Бюджеттік субсидиялар алған жеке және заңды тұлғаларға тиесілі асыл тұқымдық өнім (материал) мемлекеттік есепке алуға жатады.

Асыл тұқымды малдың саны, сапасы мен өнімділігі туралы деректер асыл тұқымды малдың

мемлекеттік тіркеліміне малдың түрлері мен тұқымдары бойынша енгізіледі.

Асыл тұқымды малдың шығу тегі, өнімділігі және өзге де сапалары бойынша неғұрлым құндылары туралы деректер асыл тұқымдық кітапқа енгізіледі.

Асыл тұқымдық кітапқа және асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркеліміне енгізілген деректер мүдделі тұлғалар үшін қолжетімді болып табылады.

Малдың шығу тегін, өнімділік және өзге де сапаларын растау мақсатында жеке және заңды тұлғалар уәкілетті орган бекіткен тәртіппен және нысан бойынша асыл тұқымды малдың жеке карточкасын немесе асыл тұқымдық куәлігін ресімдейді.

16-4-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

1-тармақ өзгертілді ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Мемлекеттік қолдаудың негізгі нысаны:

1) асыл тұқымды малдың, оның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың тектік қорын сақтауға, дамытуға және қалпына келтіруге;

2) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін асыл тұқымды өнімге (материалға) қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

3) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуіне бағытталған іс-шараларды субсидиялау болып табылады.

2. Бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, асыл тұқымды мал шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бағыттарын, асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) әрбір түріне, асыл тұқымды малдың, оның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың тектік қорын сақтау және қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларға арналған субсидиялардың нормативтерін уәкілетті орган айқындайды.

2-тармақ өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

3. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасындатыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

16-5-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулер

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулерді ауыл шаруашылығы бейініндегі ғылыми-зерттеу ұйымдары жүзеге асырады. Аталған ұйымдар уәкілетті органмен бірлесе отырып:

1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламаларды;

2) малдардың асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және олардың өсімін молайту жөніндегі нұсқаулықтарды;

2-тармақша өзгертілді ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен

Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

3) асыл тұқымды өнімді (материалды) бағалау мен генетикалық бақылау үшін әдістемелер мен техникалық құралдарды;

4) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін әзірлеуді жүзеге асырады.

3-тарау. Тарау алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

4-тарау. Асыл тұқымдық өнімді (материалды) тану және пайдалану мен оны бонитирлеу (бағалау)

4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

17-бап. Асыл тұқымдық өнімді (материалды) тану

17-бап өзгертілді ҚР 14.12.2001 жылғы № 269-II Заңымен (09.07.1998 ж. редакцияны қараңыз)

17-бап өзгертілді өзгертілді ҚР 05.07.2008 жылғы № 62-IV Заңымен (31.01.2006 ж. редакцияны қараңыз)

1. Өнім (материал) егер:

1-тармақ өзгертілді ҚР 05.07.2008 жылғы № 62-IV Заңымен (31.01.2006 ж. редакцияны қараңыз)

1-тармақ жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

1) республикалық палата берген асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесі және асыл тұқымдық куәлігі немесе асыл тұқымды малдың жеке карточкасы болған;

2) ұрық асыл тұқымдық орталықтарда асыл тұқымды тұқымдық малдан алынған және өңделген және асыл тұқымдық куәлігі болған;

3) эмбрион асыл тұқымды малдан алынған және асыл тұқымдық куәлігі болған;

4) аурудан амандығы және бактериялар қонбағандығы туралы ветеринариялық сертификаты болған жағдайларда, асыл тұқымдық деп танылады.

2. Уәкілетті орган бекіткен тәртіппен халықаралық нормаларға сәйкес болған кезде, импортталған асыл тұқымдық өнім (материал) асыл тұқымды деп танылады.

2-тармақ өзгертілді ҚР 05.07.2008 жылғы № 62-IV Заңымен (31.01.2006 ж. редакцияны қараңыз)

18-бап. Асыл тұқымдық өнімді (материалды) пайдалану

18-бап өзгертілді ҚР 14.12.2001 жылғы № 269-II Заңымен (09.07.1998 ж. редакцияны қараңыз)

18-бап өзгертілді ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

18-бап өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (16.05.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

18-бап өзгертілді ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен

Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

Асыл тұқымды малдың ұрықтары мен эмбриондары, егер:

- 1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерде алынған;
- 2) Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген асыл тұқымды малдан алынған;
- 3) өздерін бірдейлендіруге мүмкіндік беретін жеке таңбасы болған;
- 4) асыл тұқымдық куәліктері болған жағдайларда пайдаланылады.

Жеке таңбасы жоқ ұрықтар мен эмбриондарды өткізуге жол берілмейді.

Өз төлінен өсіру үшін уәкілетті орган бекіткен тәртіппен бонитирлеуден (бағалаудан) өткен тұқымдық малды өз төлінен өсіру үшін ғана пайдаланылады.

18-баптың төртінші бөлігі өзгертілді ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

Асыл тұқымды малдар алынған шаруашылықтар туралы деректерді сақтау мақсатында зауытшылар туралы мәліметтер асыл тұқымдық куәліктерде көрсетіледі.

18-бап бесінші бөлікпен толықтырылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

19-бап. Бонитирлеу (бағалау)

19-бап өзгертілді ҚР 05.07.2008 жылғы № 62-IV Заңымен (31.01.2006 ж. редакцияны қараңыз)

19-бап өзгертілді ҚР 14.12.2001 жылғы № 269-II Заңымен (09.07.1998 ж. редакцияны қараңыз)

19-бап жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

Республикалық палатада тіркелген асыл тұқымды малдар уәкілетті орган бекіткен нұсқаулыққа сәйкес бонитирлеуге (бағалауға) жатады.

Бонитирлеуден (бағалаудан) өтпеген асыл тұқымды малдарды асыл тұқымдық мақсаттарда өткізуге жол берілмейді.

Бонитирлеуді (бағалауды) бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

20-бап. Асыл тұқымды тұқымдық малды тексеру және бағалау

20-бап өзгертілді ҚР 12.01.2012 жылғы № 540-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

Тұқымды өз төлінен өсіру үшін іріктелген асыл тұқымды тұқымдық мал тексеруге және бағалауға жатады.

Асыл тұқымды тұқымдық малды тексеру және бағалау уәкілетті орган бекіткен тәртіппен жүргізіледі.

20-баптың 2-бөлігі өзгертілді ҚР 14.12.2001 жылғы № 269-II Заңымен (09.07.1998 ж. редакцияны қараңыз)

20-баптың 2-бөлігі өзгертілді ҚР 05.07.2008 жылғы № 62-IV Заңымен (31.01.2006 ж. редакцияны қараңыз)

21-бап. Бап алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

21-бап алынып тасталды ҚР 10.01.2006 жылғы № 116 Заңымен (20.12.2004 ж. редакцияны қараңыз)

5-тарау. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің қызметін ұйымдастыру

22-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

22-баптың 1-бөлігі өзгертілді ҚР 14.12.2001 жылғы № 269-II Заңымен (09.07.1998 ж. редакцияны қараңыз)

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті заңды тұлғаларды құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларға тиісінше, егер Қазақстан Республикасы заңдарынан немесе құқықтық қатынастың мәнінен өзгеше туындамаса, осы Заңның асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің қызметін реттейтін ережелері қолданылады.

22-баптың 2-бөлігі өзгертілді ҚР 14.12.2001 жылғы № 269-II Заңымен (09.07.1998 ж. редакцияны қараңыз)

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша деректерді есепке алуды жүргізеді және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына есептілікті табыс етеді.

22-баптың 3-бөлігі өзгертілді ҚР 10.01.2006 жылғы № 116 Заңымен (20.12.2004 ж. редакцияны қараңыз)

22-баптың 3-бөлігі өзгертілді ҚР 12.01.2012 жылғы № 540-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

Асыл тұқымды малы бар жеке және заңды тұлғалар оларды уәкілетті орган бекіткен тәртіппен, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпарат қорында тіркейді.

23-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің түрлері

23-бап жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерге:

- 1) асыл тұқымдық орталықтар;
- 2) дистрибьютерлік орталықтар;
- 3) бонитерлер (сыныптаушылар);
- 4) техник-ұрықтандырушылар;
- 5) эмбриондарды транспланттау (ауыстырып салу) жөніндегі мамандар;
- 6) республикалық палаталар жатады.

24-бап. Бап алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

24-бап өзгертілді ҚР 05.07.2008 жылғы № 62-IV Заңымен (31.01.2006 ж. редакцияны қараңыз)

24-бап өзгертілді ҚР 12.01.2012 жылғы № 540-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

24-бап өзгертілді ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

24-бап алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

25-бап. Бап алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

25-бап өзгертілді ҚР 05.07.2008 жылғы № 62-IV Заңымен (31.01.2006 ж. редакцияны қараңыз)

25-бап өзгертілді ҚР 12.01.2012 жылғы № 540-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

25-бап өзгертілді ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

25-бап алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

26-бап. Асыл тұқымдық орталықтар қызметінің негізгі бағыттары

26-бап өзгертілді ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1. Асыл тұқымдық орталықтар қызметінің негізгі бағыттары: 1) асыл тұқымды тұқымдық малдың малдың ұрығын алу, жинақтау, сақтау және оларды селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпарат қорында тіркеу;

1-тармақша өзгертілді ҚР 12.01.2012 жылғы № 540-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

1-тармақша өзгертілді ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

2) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен асыл тұқымды тұқымдық малдың асыл тұқымдық құндылығын айқындау;

3) бағаланған асыл тұқымды тұқымдық малдың ұрықтарын өткізу;

2-тармақша өзгертілді ҚР 12.01.2012 жылғы № 540-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

4) эмбриондарды алу, сатып алу, сақтау және өткізу;

4-тармақша өзгертілді ҚР 12.01.2012 жылғы № 540-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

5) ұрық пен эмбриондарды пайдалану нәтижелерін есепке алу, олар туралы деректер банкін жүргізу;

6) тектік қормен алмасуды жүзеге асыру болып табылады.

6-тармақша өзгертілді ҚР 05.07.2008 жылғы № 62-IV Заңымен (31.01.2006 ж. редакцияны қараңыз)

6-тармақша өзгертілді ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

7) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

7-тармақшамен толықтырылды ҚР 05.07.2008 жылғы № 62-IV Заңына сәйкес

7-тармақша алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен

Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

2. Тармақ алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

2-тармақ өзгертілді ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

2-тармақ өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

2-тармақ алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

27-бап. Дистрибьютерлік орталықтар қызметінің негізгі бағыттары

27-бап өзгертілді ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

Дистрибьютерлік орталықтар қызметінің негізгі бағыттары бағаланған асыл тұқымды тұқымдық малдың ұрығын алу, сақтау және өткізу, оларды селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпарат қорында тіркеу болып табылады.

28-бап. Бағалаушылар (сыныптаушылар), техник-ұрықтандырушылар және эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі мамандар қызметінің негізгі бағыттары

1. Бағалаушылар (сыныптаушылар) қызметінің негізгі бағыттары малға бонитирлеу (бағалау) жүргізу болып табылады.

1-тармақ өзгертілді ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

2. Техник-ұрықтандырушы қызметінің негізгі бағыттары ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру болып табылады.

2-тармақ өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

3. Эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі мамандар қызметінің негізгі бағыттары асыл тұқымды малдың эмбриондарын алу және телу (ауыстырып салу) болып табылады.

28-1-бап. Бап алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

28-1-бап өзгертілді ҚР 03.07.2013 жылғы № 124-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 05.07.2013 жылғы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

28-1-бап алынып тасталды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңымен (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

28-2-бап. Республикалық палата

28-2-бап өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

28-2-бап жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015

ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1. Республикалық палата асыл тұқымды малдарды өсіруді және (немесе) өсімін молайтуды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін іске асыру және қорғау үшін құрылатын және жұмыс істейтін, коммерциялық емес, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

2. Республикалық палата заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен әділет органдарында тіркеледі.

3. Республикалық палата облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құруға құқылы.

4. Республикалық палатаның қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен және палатаның алқалы органы қабылдаған жарғымен реттеледі.

5. Қазақстан Республикасының аумағында ірі қара малдың әр тұқымы бойынша ірі қара малдың тиісті тұқымы жөніндегі бір республикалық палата құрылады және жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының аумағында қой шаруашылығы, жылқы шаруашылығы және құс шаруашылығы республикалық палаталары қойлардың, жылқылардың және құстардың әр өнімділік бағыты бойынша біреуден құрылады.

Қазақстан Республикасының аумағында түйе шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, ешкі шаруашылығы, марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы), қоян шаруашылығы, аң шаруашылығы, бал ара шаруашылығы, балық өсіру шаруашылығы республикалық палаталары ауыл шаруашылығы малының әр түрі бойынша біреуден құрылады.

6. Асыл тұқымды малдардың бір тұқымын немесе қойлардың, жылқылардың және құстардың өнімділік бағыттары бойынша өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың өтініші бойынша жеке республикалық палатаны құру жұмыс істеп тұрған республикалық палатаны қайта ұйымдастыру немесе тарату шартымен жүзеге асырылады.

7. Республикалық палатаның кірісін (мүлкін) қалыптастыру көздері:

1) республикалық палата мүшелерінен жарналардың түсуі;

2) асыл тұқымдық куәліктерді беру бойынша қызметтер көрсетуден алынған кірістер (бланкінің құны);

3) ерікті мүлктік жарналар мен қайырмалдықтар;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздер болып табылады.

28-3-бап. Республикалық палатаның құрылымы мен өкілеттіктері

28-3-бап өзгертілді ҚР 17.01.2014 жылғы № 165-V Заңымен (03.07.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 21.01.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

28-3-бап жаңа редакцияда жазылды ҚР 27.11.2015 жылғы № 424-V Заңына сәйкес (17.11.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 6 (алты) ай өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 01.12.2015 жылы № 231 (28709) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1. Республикалық палатаның құрылымы селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу мен үйлестіруге бірлесіп жауап беретін алқалы органнан, республикалық палата кеңесінен және атқарушы органнан тұрады.

2. Алқалы орган – республикалық палата мүшелерінің жиналысы, ол жоғары басқару органы болып табылады.

Алқалы орган республикалық палатаны дамытудың стратегиялық бағыттары бойынша шешімдерді айқындайды және қабылдайды.

3. Республикалық палатаның жарғысына сәйкес республикалық палата кеңесін бір жыл мерзімге алқалы орган сайлайды және ол республикалық палата мүшелерінің мүдделерін білдіреді.

4. Республикалық палата кеңесі Қазақстан Республикасының заңдарында және республикалық палатаның жарғысында белгіленген құзыретке сәйкес республикалық палата қызметіне жалпы басшылықты және оны басқаруды жүзеге асырады.

5. Республикалық палата кеңесіне ғылыми-бейінді ұйымдардың өкілдері мен республикалық палатаның мүшелері кіреді.

6. Республикалық палата кеңесінің төрағасы республикалық палата кеңесі мүшелерінің арасынан сайланады және оны алқалы орган бекітеді.

7. Республикалық палата кеңесінің отырысы республикалық палата жарғысына сәйкес белгіленеді.

8. Республикалық палата кеңесі:

1) жұмыс регламентін айқындайды және атқарушы органның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асырады;

2) республикалық палатаның бюджетін бекітеді;

3) алқалы органға тарифтік саясатқа өзгерістер енгізуді ұсынады;

4) алқалы органға атқарушы директор кандидатурасын бекітуге ұсынады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9. Атқарушы орган:

1) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін беру (тоқтата тұру, күшін жою) арқылы асыл тұқымды мал шаруашылығының таңдалған бағытына қарай асыл тұқымды мал басын есепке алуды ұйымдастырады;

2) уәкілетті орган бекіткен, малдардың асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және олардың өсімін молайту жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес асыл тұқымды малдардың, оның ішінде асыл тұқымды тұқымдық малдардың асыл тұқымдық құндылығын айқындайды;

3) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен асыл тұқымды өнімге (материалға) асыл тұқымдық куәліктер беруді (жоюды) жүзеге асырады;

4) импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) экспорттаушы елдердің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тануды жүзеге асырады;

5) бюджет қаражаттары шегінде асыл тұқымдық өнімге (материалға) субсидиялар бөлу бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына ұсыныс енгізеді;

6) таза асыл тұқымды малдар бойынша асыл тұқымдық кітаптарды бөлек жүргізеді және басып шығарады;

7) бонитирлеу (бағалау) туралы деректерге мониторингті жүзеге асырады және мүдделі тұлғаларға оның нәтижелері туралы хабарлайды;

8) алқалы органмен келісу бойынша тұқым стандартын бекітеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10. Асыл тұқымдық өнімге (материалға) мәртебе мен асыл тұқымдық куәлік беруді – республикалық палатаға мүшелігіне қарамастан, жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші негізінде республикалық палата жүзеге асырады.

Асыл тұқымдық өнімге (материалға) асыл тұқымдық зауыттар, асыл тұқымдық шаруашылықтар және асыл тұқымдық репродукторлар берген асыл тұқымдық куәліктер республикалық палата осындай асыл тұқымдық өнімге (материалға) мәртебе бергенге дейін өз күшін сақтайды.

6-тарау. Тарау алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

7-тарау. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы дауларды шешу және оның қызметін жүзеге асыру кезіндегі жауаптылық

30-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру кезіндегі дауларды шешу

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыру кезінде туындаған даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

31-бап. Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңдарын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

8-тарау. Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы халықаралық ынтымақтастығы

32-бап. Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы халықаралық ынтымақтастығы

Қазақстан Республикасы мал шаруашылығы саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың дамуына жәрдемдеседі.

33-бап. Шетелдің қатысуымен асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық жасау құқығы

Шетелдің қатысуымен асыл тұқымды мал шаруашылығы саласында жобаларды жүзеге асыруға қатысатын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шетелдіктермен және (немесе) шетелдік заңды тұлғалармен шарттар жасасады.

Қазақстан Республикасының Президенті